

827.5/2.122
C52



Софы
СМАТАЕВ

Әулет сыры



821.512.122

C52

Софы
СМАТАЕВ

ӘУЛЕТ СЫРЫ

(Дастан)

«Құс Жолы»
Алматы
2007



ББК 84 Қаз 7-5

С 52

С 52

СМАТАЕВ С.


ӘУЛЕТ СЫРЫ:

Дастан. — Алматы: “Құс Жолы”, 2007. - 84 бет.

ISBN 9965-9202-7-3

«Алау», «Акжелен», «Бұлақ» романдарының, «Елім-ай» трилогиясының авторы, көрнекті жазушы Софы Сматаевтың алғашқы кітабы — «Астана оттары» өлендері мен балладаларынан құралған. Араға жылдар салып «Әулет сыры» атты тамаша дастанды дүниеге әкелуі де сол акындық дарынның бір дәлелі болса керек.

Дастан оқиғасы оқырманын қызықтырып, толғандырады, өзінше ой түйгізеді.



С

4702250202

00(05)—07

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-9202-7-3

© СМАТАЕВ С., 2007



АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Құрметті оқушым!

Әр шығарманың тууына әр түрлі оқиғаның себеп болатыны бар. Мынау шағын дастанымның дүниеге келуіне осындай бір оқыс жай-жағдаят түрткі болды. Ол жағдай — бір ардақты ананың аналық, адамдық құдіретіне арналған күйді тындаған сәтімдегі тебіренген күйдегі халім еді. Өйткені «Ана жүрегі — ізгілік пен игіліктің мекені!» деп күмбірлеп еді күй сонда. «Ана арманы — баласының бақытында!» деп толғанып еді күй сонда. Ізгілік сепкен ене көңілдің саясы кең бәйтеректей екенін сезінгем сол сәтте. Ал, ана арманының құс



канатындай биікке ұшыраын, шыңға шығарарын түсінгем сол сәтте. Сол күйдің, сол күйге арқау болған Акжүніс ананың күрделі тағдырының маған күшті әсер еткені сондай, ойым мен миымды түртпектеген бір түйсік колыма еріксіз қалам ұстатты. Содан сол ана келін боп түскен әулеттің тарихымен шетпұшпақтап танысып, осы дастанымды жазып бітірдім. Бір әулеттің өмір-тірлігі арқылы тұтас халқымның басына құрылған тауқымет таразысын көрсетпек болған едім. Өйткені бірдің басындағы хал - сол кездегі көпке ортақ еді. Жекенің күйігі - елдің өзегіндегі өксік болатын. Отыз жетінің зобалаңында талай қазақтың шаңырағы шайқалып, уығы сықырлап еді. Бірақ өксітер өкініштің бықсытар өсектен өрбитінін ескерген Акжүністей аналардың ер салмағынан ел салмағын артық санайтын даналықтары - берекені әрекемен ірткізбеген. Бірлігімізді тірлігімізден адақтатпаған. Ұрпақ қамын ойлап ұлағаттық танытқан аналар бейнесін жадымызда сақтау үшін тазалыққа жүгінейік, әділдікке бас иейік деген нысананы көздегем. Осынау бір әулеттің үш жаны - Оспан, Сәрсен, Ақжүніс арқылы - сол кездегі барша қазақ әулетінің бастан кешкен ащы тағдырын, күрделі кезеңін көпшіліктің назарына ұсынбақ еді тілегім. Өйткені әлемді алақанында тербететін құдірет - жұмыр басты пенденің бір-біріне деген мейірімі мен сүйіспеншілігінде екеніне осынау Ананың тіршілігі арқылы көзім жеткендей болды. Сондықтан да осы бір

шағын дүниеммен қазақы ғұмырдың тәубешіл мәнін
елжіреген жүрегімнің лүпілімен жеткізуге тырыстым.

Р. С.: Дастанды компьютермен көшіріп, бір данасын
ештеңеден хабарсыз Өмірзақ Сәрсеновке ұсындым.
Ұсынып жатып: «Қазақша оқи алушы ма едіңіз?», -
деп сұрағаным ғой. Өйткені мен Өмекенді оған дейін,
сырттай бір-бірімізге бас изесіп өте шығатынымыз
болмаса, онша білмейтінмін. Өмекең сәл жымиды да:
«Тұтынушылар одағының бұрыңғы төрағасының негізгі
кәсібі - саудагерлік болғандықтан қазақтық иістен
айрылып қалмады ма деп тұрған боларсыз», - деп
бетімнің ду еткізіп отын шығарғанын да жасырмайын.
Арғы ата-бабалары тұтастай дінді уағыздап, халыққа
әділдік пен адалдық ұрығын сеуіп келген әулеттің
ұрпағы Өмірзақтың қазақтың тілі мен ділінің мәйегінен
уызында жарыған азамат екеніне осы кітапты жарыққа
шығару кезінде көзім анық жетті.

Сонымен бұл шығарманың тұсауы кесіліп, шылбыры
шешіліп, тізгіні түріліп, алдарыңызға қарай бет түзеді,
ағайын.

Ендігі тілек пен ниетті өздеріңізден күтемін.

Автор






ӘУЛЕТ СЫРЫ (Дастан)

Адамның бере берер тілегін кім,
Келеді күн-күн сайын біле білгің.
Өзімнің өзегімде от боп жанып,
Бойлайын тереңіме жүрегімнің.
Жалындап, жанып тұрып ақтарайын
Қалтарыс, бұлтарысын бір өмірдің.

Азаппен араласпай, азаменен
Адамнан бұрын туған ғажап әлем.
Пенделер болмаған соң күнә тумай,
Тіршілік тұнып тұрған Тазаменен.
Қыбырлап Жер бетіне жан енгенде,
Быт-шыт боп Тазасынан тозады Әлем.
Адамның қияпатын, қиянатын
Бүгінде әртүрлі үнмен созады өлең.
Еңдігі Өлеңіме арқау болған
Қазақтың бір парасы - Қожа деген.

Ажалдан адам түгіл сасқанда Әлем,
Табаның қара жерді басқанменен,
Ойлайсың көрген түстей жоқ болғанда,
Рухың ұшар ма деп аспанменен.



Өртімен өзегімді дуылдатып,
Рухтан ұрықтанып басталды Өлең.
Ағайын, алдарыңа алып келдім
Қазақтың біртуарын Оспан деген.

Тебірен, құйыл, заула, Өлең-әнім!
Қозғайын мұң мен сырын Ел-ананың.
Шашама шаң жуытпай жүйткіін бір
Ішінен оза шауып көкаланың.
Шарықтап шабытыммен аспанға ұшып,
Үстінде ақша бұлттың дем аламын.
Көрейін Көк пен Жердің арасынан
Оспандай дуалы ауыз ел адамын.

Нәр алып өлең, жырдан, бәйіттерден,
Кездесем қиялдағы кейіпкермен,
Ұрпағы ол - Әзіреті Әлі баһадүрдің,
Тамыры бастау алған Сейіттерден.
Қағбасын ашқан әділ жүректердің
Тазартып дін мен ділді жөйттерден.






* * *

Жалғызы ол Биғожаұлы Мүсәпірдің,
Сақадай ортасында ұсақ ұлдың.
Жасынан ар, иманды жаттап өскен
Тұтылмай тұзағына кісәпірдің.
Шыңдық деп шырылдатар қызыл тілі
Уыңдай ойып түсер мүсәтірдің.

Оқыған, тоқығаны, білгені бар,
Арманмен асығатын күнге мұнар.
Әкеден дін мен тілді құйып алып,
Шешеден тәлім алған кұндағы бар.
Алланың аманатын айтқан кезде
Бас шұлғып тындаушы еді мұндағылар.
Күрсінтіп барша жұртты, сездіретін
Мезетін қара көздің құм жамылар.

Перзент боп қуат алып Аспан, Жерден,
Айтулы азамат боп басқан кердең,
Жұртының жүрегінен жылы орын ап,
Түксиген, түсі суық қашқан төрден.



Орынсыз асқақтамай, ылдиламай,
Жалт бергіш жығып кетер жасқанды өрден.
Оң-солын бірдей көріп, жая берді.
Үлгісін, ұлағатын жастан терген.

Бір сезім жан жүйесін мөлдіреткен,
Толқытқан, тебіrentкен, елжіреткен.
Сол сезім тұла бойын ұйтқанда,
Тау шөгіп, дала толқып, көл дір еткен
Қосатын алыптай боп Жер мен Көкті
Атса да құламастай зеңбірекпен.
Ол сезім - өзек жарған ақындығы -
Өнердің ішіндегі ең бір өктем!

Кететін сондай сәтте кырға шығып,
Кездесер оңашада сырға асығып.
Қанатын хас қырандай қағып қалып,
Алатын жас жүрегін мұңға сұғып.
Кеудеден бұрқ-сарқ өлең төгілгенде,
Дауысы ақша бұлтқа тұрды асылып.





Әттең-ай, қайран шабыт бәйек таппай,
Жататын суда суып, құмға сіңіп.

Жігермен жасымаған, жерімеген,
Не керек болып алды серігі өлең.
Сыртынан сыпсың сөздер көп тарады,
Кездесіп жүр екен деп періменен.
Бықсыған пыш-пыш сөзге пысқырсын ба,
Жүйрік ой, сергек көңіл сері деген.
Тау-тасы, өзен-көлі сырласы боп,
Көмейден ақтарылды бәріне өлең.

* * *

Әлдебір аңсай іздеп сағынышты,
Күйдіріп бара жатты жалын ішті.
Бір сарын екі ішекті бебеулетті,
Мұң, шерге пенде қандай бағынышты.
Сол сарын асқақ сазға ауысқанда,
Жас жүрек әр рухтан қанып ішті.

Кеудеде тұтанған сәл дірілменен,
Домбыра баяулаған, дүрілдеген.



Жаһанға жалғыз самғап көтеріліп,
Жанының түкпірінен тірілді өлең.
Жел тынып, дала мүлгіп, өзен тыншып,
Ақынға құлақ түріп үңілді Әлем:

«Жапанға неге қаңғып, тентіредім,
Табардай елегзимін Жер тірегін.
Шындықты шырқыратып шертіп беріп,
Тап басып айта алам ба Ел тілегін?
Шырмалдым бүгін ойдың тұзағына,
Сәбидей кеше ғана еркін едім.

Елімнің еркімді алды мүлде мұңы,
Айтармын жария ғып кімге мұңы.
Ақ қашып, қызыл басып кең даламды,
Аударып тастады ғой іргеліні.
Ауызға қақпақ қойған қайран ғұмыр
Аңсатты-ау өткен кезден күндегіні.
Айта алсам Ердің сөзін, Елдің сөзін
Ауар ма Алашымның шын көңілі.

Тандайдан бал тамбаған, татымаған
Күйіме күйінем де қапыланам.



Пайғамбар хадисіндей қасиетті
Болсам ғой әр сөзі асыл ақын адам.
Түнекке сәл де болса сәуле шашып,
Түзетсем жасағанды қапы қадам.
Көңлімнің тұнығынан сусындатсам,
Азайып кетер ме еді заты надан.

Жас аққан қара көзді көрем ұдай,
Дүние төңкерілді неге бұлай?
Қазаны қазағымның қаңсып қалды,
Кеше еді ішкені - ақ, жегені - май.
Ән емес зар естісем маңайымнан,
Күн батып, көкжиектен сөнеді Ай.
Адамды дірдектетіп, тентіретіп,
Ойнайды қуыршақ қып неге Құдай?

Ем іздеп, сәл де болса дем берем бе,
Азабын арқама сап, өңгерем бе.
Зарына өзек жарған әнім қосып,
Қайғысын қуанышпен теңгерем бе.
Өксігін көп кеуденің жұлып алып,
Шықпастай көме алам ба ең тереңге.



Қапасын қазағымның азайтатын
Мен сөйтіп ақындықты меңгерем бе?

Жылытсам жүректерін жалын құйып,
Ете алсам кеудесін тік, жанын биік.
Арылып күйік-шерден, дүр сілкініп,
Тындаса елім-жұртым әнімді ұйып.
Су сепкен қарлығаштай қанатымен
Берер ем тал бойымнан нәрімді иіп.»

Домбыра дүбірледі, баяулады.
Жүйткіді, жорғалады, жаяулады.
Байланды екі ішектің сиқырымен
Тіршілік алыстағы, таяудағы.
Осылай алғаш рет туып еді,
Оспанның өзегінен аяулы әні.

* * *

Тапқан соң жазы жетіп жер көрікті,
Тіршілік бірте-бірте жөнделіпті.
Отыздың қырғынынан ес жиғызып,



Далаға кәдімгідей өң беріпті.
Біреу тайлақ, базбіреу сиыр жегіп,
Әйтеуір болған дейді ел көлікті.
Тырбанып соқа салып, жер шұқылап,
Дүрілдеп тиған екен пенделікті.

Жәрдемге мал жиналған ойдан, қырдан
Аш қазақ алғандарын сойған, қырған.
Қытайдан келген өңкей ауру мал
Оспанды жатпай-тұрмай ойландырған.
«Дертіне дерт қосып ап дімкәс халқым,
Тағы да көбейер ме қайран құрбан?»

Кітаптан оқығаны, тапқаны бар.
Қазаққа етке құмар, аққа құмар:
«Шикі ет пен шикі сүтке жолама!» деп,
«Пісіріп пайдалан!» деп ақтарылар.
Талайды сөйтіп аман алып қалды,
Даланы бүркеп басқан шақта мұнар.



* * *

Адамды жетелейді үміт таңы,
Табылып жоғалтқаны, ұмытқаны.
Еріксіз есін алып елестейді,
Алмастай жарқылдаған жігіт шағы.
Сол кезде әр қияға қол сермейді,
Дуылдап тұлабойда жылып қаны.

Оспанды бір құдірет әлдиледі,
Бұлқынтты, дөңбекшітті, жанды иледі.
Шығандап шырқау шыңға бір-ақ ұшты,
Көңілдің басын қосып әр күйдегі.
Сол сол-ақ қос өкпеден қанат бітті,
Жоғалды күдігі мол жан күйбеңі.


Маңдайдан шып-шып етіп шықты тері,
Кеуденің шымырлады нүктелері.
Ғайыптан бақ құсындай қонды Оспанға
Халқының айтыс дейтін мықты өнері.



Қашаннан белгілі ғой шын дарыса,
Ырыс, бақ қосарланып жұп келері.

Айналды ел тілегі мұндасына,
Сигызды шерін, сырын бір басына.
Айтыспен биліктіге талап қойды,
Айтыспен наз білдірді құрдасына.
От тілді, орақ ауыз ақынынан
Жамағат күтетұғын жырды асыға.
Көңілін көпшіліктің жырмен тауып,
Шығатын жұртпен бірге қыр басына.

Құрметтеп қастерледі халқы мұны,
Қуантып көп кеудені балқыды үні.
Сәрсені білім қуып, ілімге ұйып,
Қасында әкесінің шалқыды ұлы.
Талпынған талаптыға нұр жауады,
Ұнады көкесіне бар қылығы.
Жалғыз-ақ бір кінәрат көкейдегі —
Ұлының дәл өзіндей жалқылығы.



Сәрсені қалада оқып, далада өскен.
Күн сайын өнерді ұштап, талабы ескен.
Жарқылдап жай отындай жұрт алдында
Жүргені көз қуантпай қала ма естен.
Ұстауға ел тізгінін даяр еді ол
Бұлт көшіп кеудесінен, самал ескен.

Айналды азаматтың асылына,
Ауысып жас ұлынан бас ұлына.
Комвухдан қанат қағып ұшқан қыран
Ұқсады жай оғының жасылына.
Жалындап жан-жүректің жарқылымен
Қазақтың жігер құйды жасығына.
Ұстатып ақ тілекпен етегінен
Қосылды Ақжүністей ғашығына.

Қанатын талмай сермеп қиырларға,
Құлашын созған ылғи қиындарға.
Адамда арман сірә қала ма екен,
Көңілі ұнатқан қыз бұйырғанда.
Сәрсеннен бақытты жан табылмады,
Кеудеге іңкәр сезім құйылғанда.



Қызығы дүниенің сезімінде.
Көңілден ұмытылмас кезі мүлде.
Жан жарың жанынды ұғып жарасқанда,
Ұқсайды өзі - гүлге, көзі - Күнге.
Дененде миллион ватт ток жүгіріп,
Айықпас күлкі жүзер езуінде.
Апырай, шын махаббат - қандай бақыт,
Шыдатпай алып ұшса төзімің де!

Сәрсеннің әлпештеген Акжүнісі -
Ибалы арулардан нак жынысы.
Шыны-аяқ сылдырамай, кесе сынбай,
Бақ болып, қасына кеп тапты құсы.
Жарының байыбына батқан сайын
Жүгірді қанын бойлап шат тынысы.

Тілегі талабымен ұштасқанда,
Ой шалқып, тұлабойда күш тасқанда,
Қазақтың нар жігіті, ер жігіті
Халқының қалауымен ұшты аспанға.
Сәрсеннің самғауына әсер еткен,
Зайыбы үлгі болды тұстастарға.



Мықтылық - еркек қайрат сыртта болса,
Сұлулық орнайды екен ішкі астарға!

* * *

Тіршілік жұбатады, күлдіреді.
Жас келін жауқазындай үлбіреді.
Атасы бір нәрсені анық сезді, -
Жүрегі Ақжүністің жыр біледі.
Қызыл тіл келіндегі баптап көрсе,
Қызылды қиядағы ілдіреді.
... Заманның алды әлі де бұлдыр еді,
Ал ақын жылатады, күлдіреді.

* * *

Домбыра үілдейді, безектейді.
Бір сарын тұрып қалып, тез өтпейді.
Сағымнан іздегенін таппай қоймас,
Өрт болып өртенсе де өзек мейлі.
Кеудеге көкала үйрек кеп қонбаса,
Жалғанның тылсымына сөз өтпейді.





Аһ ұрып, аласұрып, шабыт қуып,
Домбыра құтырады, безектейді.

Сол сарын бір өксиді, бір жылайды.
Сағымда көкала үйрек бұлдырайды.
Кеудеге көкала үйрек конбай қойса,
Аспанда Ай менен Күн жылжымайды.
Оятып дүниенің ес пен сесін,
Сорғалап екі ішектен мұң жылайды.

Сезеді сарын сырын Оспанкожа,
Алдынан бір тілекті тосқан қожа.
Кеудеге конар үйрек - ақындық қой
Көңілді дүр сілкінтер басқанда аза.
Келіні ұстай алса осы өнерді,
Болар ед жері - жұмақ, аспан таза.

«Апырай, қалай- қалай ынтығады!
Сарыннан безек қаққан мұң тұнады.
Кеудеге сарыны мол, жалыны мол
Қонуға көкала үйрек ұмтылады.
Келінге қонып дуа байыздаса,
Көмейден ытқыр еді-ау ынтық әні.



Күй болып жүрегі әлде еңірей ме,
Бастай ма, не шаттыққа, не үрейге?
Әлемді алақанда ұстайды ақын
Жанының шалқығанда көлі кейде.
Жетсе екен сол құдірет Ақжүніске,
Жөнімен тасымай да, кемімей де,

Ынтығып байғұс келін неге ғана,
Кеудесін тосады екен көкалаға?
Өнердің от пен мұздай шарпылысқан
Тұңғыық тылсымына ене ала ма?
Қиялын қыран қылып ұшырар ма,
Қияли болып әлде жоғала ма?

Жо-жо-жоқ, жоғалмайды, сеземін мен,
Келінім Әлем сырын сезе білген.
Өмірдің ыстығы мен суығына
Мойымай жас та болса төзе білген.
Берейін ақ ниетпен ақ батамды,
Суарып отты жырға өзегімнен».

Дуасы дарыды ма атасының,
Тапты ма қасиеті батасының,



Келіні жыр нөсерін тасқындатып,
Сөзден - шоқ, шашты өлеңнен от асылын.
Өнердің киесіне шаң жуытпай,
Бар кезде есте ұстады Ата сынын.

* * *

Мұң, қамсыз тірлік кешті Оспан қожа,
Жаттан - дос, тапқан туыс достан қожа.
Баласы - әкім, келіні ақын болып,
Тобасына тәубасын қосқан қожа.
Қонбайды-ау қара жерге қайран көңіл
Шаттықпен мерейленіп аспандаса.

...Тірлік пен бастау алған рахаттан
Арасы қайғы шердің бір-ақ аттам.
Бақытың таусылмастай көрінетін,
Құлайды қасірет дейтін бір-ақ оқтан.
Айтайын отбасының оқиғасын
Көзінен қанды жасы жылап аққан.
Кешегі ес тандырар еркіндікті,
Тұқыртып тар тесіктен сығалатқан.



Ілінсе оқта-текте ауызға өлең,
Ақынды, өнерліні жауыз деген,
Өртімен отыз жеті ойран салып,
Құтырып НКВД жау іздеген.
Кернеген кең даламды көп сұмдықты
Жеткізіп бере алар кім ауызбенен.

Жауыздық ерік берсе, жынданады,
Өршиді, долданады, тұлданады.
Диюдай құмырадан босап шыққан,
Әлемді жеті басты жын қамады.
Өксітіп өкінішпен Әділетті,
Шындықты шырылдаған тыңдамады.
Жазықсыз жаза кешкен талай жанның,
Мүскін боп, мысы құрып, тынды амалы.

Шырмалған соның бірі Оспан еді,
Еліне жан өзегін қосқан ері.
Шынжырлап Азаматын әкеткенде,
Түсе алмай арашаға сасқан елі.
Сол кездің қиянаты сұмдық еді-ау,
Көпіртіп айта берем босқа нені.



Қастандық күннен күнге үдеп кетті.
Қоңілдің күні сөніп, түнек жетті.
Сәрсенді жұмысынан жұлып түсті.
Ақжүніс қасіреттен жүдеп кетті.
Сімірді қызыл қанды қызыл жаға
Тұрғандай иығымен тіреп көкті.

Тіл қатқан Оспанқожа кетерінде:
«Азаптың көп жүрмеспін жетегінде.
Әліптің артын бағып, Алладан күт,
Келінжан, «Әділет!» деп көтерілме.
Бұлардан казір ғана күдер үздім,
Бармаспын жаннан корқып екі өлімге.

Тәнті едім ашық, адал мінезіңе,
Тапсырдым жалғызымды бір өзіңе.
Тапсырдым ал, өзінді Сәрсеніме,
Тұратын бір сен үшін кіл езіле.
Жүріңдер бір-біріңе сүйеу болып,
Тапсырдым жалғызымды міне, өзіңе!

Келмеңдер. Енді мені іздемеңдер.
Құрбан боп шалындық қой біз дегендер.

Құдай боп құтырды ғой құрық салып,
Құдайға діл мен көзін сүзбегендер.
Мақшарда аман-есен кездеседі,
Күдерін бір Алладан үзбегендер.

Жазығым - ел-жұртымды емдегенім.
Алла деп, дінсіздікке көнбегенім.
Шырақ боп Хақ жолына жарық шашып,
Пірсіздік түнегінде сөнбегенім.
Жыр төккен жүрегімнен жылу тарап,
Жетті ғой шуақ шашып елге демім.
Бәйтіне бір ақынның кейіпкер боп,
Халқыма қайта туып мен келемін.
Сәрсенім - бір атадан қалған тұяқ,
Жалғасса ұрпағы оның - өлмегенім!»

Газ бүркіп, жылжып кетті «қара қарға¹!»
Тұз сеуіп жанға түскен жараларға.
Тақсірет, тауқыметін тартты тағдыр
Оспандай қажымайтын қара нарға.

¹ Тұтқындарды әкететін қара машина.



Қанынды шіміркпестен сіміретін
Жан сақтар жендеттерден пана бар ма?
Еріксіз жапақтайсын қаны қара
Қызыл көз, қызылала жағаларға.

Белгі жоқ өткен күннен ілінбеген.
Қайғы көп ет жүректі тілімдеген.
Жақынның жаны отқа жанған кезде
Өзегің өксік атып күбірлеген.
Өнбойың кек боп, өрт боп өре тұрып,
Басыңа қаның шапшып дүбірлеген.
Туыс па ет жақыны қиналғанда,
Қолына өкпесін ап жүгірмеген?

Түнеріп түн басса да сәскелігін,
Көкеден бас тартпауды шешкен ұлы.
Артынан талай іздеп барды Сәрсен,
Дәм-тұзын жүрді әкеліп жас келіні.
Өзгелер ұмытса да, ұмытылмас
Оспанның осы екеуі естелігі.



Тірліктің жалп-жалп сөнсе шамшырағы,
Қайтейін, көмейімнен зар шығады.
... Маңдайын тесіп өткен жалғыз оқтан
Пәк қаны Оспанқожа тамшылады...
Қаламым кідіреді, мүдіреді,
Төзе алмай сойқандыққа жан шыдамы.

* * *

Қаралау - миға түскен кісен еді.
Ойынды ойрандауға ол күшенеді.
Адамдық тұғырынан түспей кеткен
Оспанның қырық тоғыз жас мүшелі еді.
Сыртымен азып-қажып тозғанымен,
Сақтаған әрін, нәрін іш әлемі.

Наганын кезенгенде қастанды адам,
Ажалдан арын сатып жасқанбаған.
Жасырып жерлеген соң қайран ерді
Шаһиттың қабіріне жас тамбаған.
Жазықсыз өлгендердің символы боп,
Күрсінтіп елестейді Оспан маған.



Қаламым кідіреді тұрып калып,
Тірегі өзегімнің сынып калып.
... Қарыскан қарағайдың бұтағындай
Ақырғы деміменен тыныпты Алып.
Алыбым - Оспан және жазықсыздар
Шаһит боп шыққан төрге сұрыпталып.

Керуені өмір-көштің тоқтамайды,
Маңдайға қашап жазып бақталайды.
Сәрсенді түртпектеуді бастап кетті,
Тұс-тұстан құюшылар отқа майды.
Арсыздар арсылдады азу егеп,
Жоқ арды жоғалтқандар жоқтамайды.
Өршігіп нақақ отын лапылдатар,
Шашырап күйдірсе де от талайды.

Сәрсеннің күйген жаны сорға батты.
Ышқынтып өксік шері қорғалатты.
Әкеден қалған қара домбыраны
Күңіrentіп қоңыр кеште жорғалатты.
Шыңғыртып күйік күйін шығандатып,
Егілтіп бәйек сазды сорғалатты.

Өксікті екі ішектен солқылдатты.
Өзен-көл буырқанып толқып жатты.
Кілкіген көкіректе қасіреттен
Қызарып Күн де ұяға балқып батты.
Ұлының «Әке» деген арман күйін
Тыншығып жел тыңдапты, жер тыңдапты.

Тоғытып киіз үйді үн кернеді.
Жаңғыртып дауылдатты тіл пернені.
Туырлықтар уықтарды сарт-сұрт ұрып,
Шайқалтып шаңырақты мұң тербеді.
Аспапта құйындаған он саусақтан
Ыза-кек күй боп өршіп, бұлтқа өрледі:



«Уақыттың қыс пен күз, жаз, көктеміне,
Адамзат озған сайын өкпелі ме?
Қиялды қыран етіп сала ма екен,
Қанағат қылмай қолы жеткеніне?
Үмітпен үңілер ме алдағыға,
Күдікпен түңілер ме өткеніне?
Айтылар арызы мен қарызы мол
Дауысы жетер болса Көктегіге.

Бұл ғұмыр жұмбақ еді неге бұлай?
Ілгері жылжымай ма қоғам ұдай?
Құрыған құлдық дәуір қайта оралып,
Күн жаумай азаматты соғады жай.

Жақыннан жау іздейміз неге бүгін?
Көкемді тыңшы деуге сенеді кім?
Әкеге өз баласын қарсы қойса,
Қалайша нұрын жұртқа төгеді Күн?
Ерлерді «Елім!» дейтін жау санасақ,
Кім айтар тылсым сырдың төрелігін?



«Партиям, Ленин - бабам, елім!» дегем.
Айтудан жалықпағам, ерінбегем.
«Қамқоршым - орыс ағам, Мәскеу - панам».
Осы ойдан үш ұйықтасам бөлінбегем.
Жапонның тыңшысы деп жалтақтатқыш
Өгейлік неге көрем жерімде мен?

Боп кетті ойран-асыр неге осылай?
Коммунист емес пе едік санасы бай.
Жоқ әлде шовинистік көкірек пе,
Кететін ұсақ ұлтқа жаны ашымай?
Астамшыл халін неге ойламайды,
Қарар деп бізге де бір дала сынай.

Үміттің сөнгені ме жайрап бәрі
Қанымды сөйте ме әлде қайнатқалы?
Жұтылып кете барды-ау қан қырғында
Қазақтың сүт бетінде қаймақтары.
Опырып омыртқасын ел-алаштың
Кремль төбесінде ойнақтады.



Кремль төбені ойып, дүрсілдеді.
Кім - қожа, соны номад білсін деді.
Оларға әуес болды жайраған жұрт,
Оларға әуен болды күрсінгені.
Қисайтып шаңырағын қыр елінің,
Қажытып қалдырды ғой құр сүлдерді.

Шағарсың сансыратқан кімге мұнды,
Айта алмай тілдегің мен ділдегіңді?
Зауалы табылар ма жауыздарға
Зарлатқан әр ошақты күнде күнгі.
Алладан қысастыққа тыйым бар ма,
Жасармын деушілерге білгенімді?»

Қоңыр күй қоңырлады қоңыр кеште.
Ілесті Сәрсен зары өмір-көшке.
Қалайша Жер мен Көктен жауап күтпес,
Ары мен жанды үгіткен ғұмыр кешсе.
Жендеттер тамырыңа балта шапқан
Өзекте бүлкілдеген өмірге өш пе?



* * *

Ор болып опырылар шапқан жері,
Сәрсеннің айтулы еді Ақтангері.
Бәйгеден бәйгі бермей қосқан сайын
Ер түгіл есі шығып мақтанды елі.

Марқайтып бар қазақты маңайдағы,
Тұлпарын аламанға сан айдады.
Ақтангер оқ бойы озып келген сайын
Жігіттің жанып еді талай бағы.
Айтайын сол жүйріктің сынын біраз
Тамсанып таң қалдырған талайды әлі.

Жұпыны, қарабайыр бір көргенде.
Ішінде қылқұйрықтың құр шерменде,
Түңіліп олпы-солпы пішінінен,
Шықпас ең мініп мұны серуенге де.

Жануар шапқан кезде өзгеретін.
Бір сәтте өзгергенін көз көретін.
Суылдап жал-құйрығы жел шақырып,
Құйындай құтырынтқан кез келетін.



Сөйлейін суреттеп арғымақты
Бұратын шапшандық пен тезге бетін.

Созылған қырымға ет жоқ басы ұзын.
Есетін кеңсіріктен тасып ызың.
Кететін төрт тұяқты тең басқанда,
Артқы аяқ алдыңғының басып ізін.

Қасқыр қарас, қабағы жұдырықтай.
Далиған кең танауға тығылыпты Ай.
Көз - жалын, маңдай жалпақ, желбезек кең,
Қос құлақ қос обадай тігіліпті-ай.

Салбырап астыңғы ерні саптыаяқтай,
Қалатын ә дегенде шатқаяқтай.
Талыстай қос танаудан бу атқанда,
Көрінер кең жайылған қос қанаттай.

Құдиған құлаш мойны жұмарлана
Ой желке су іш дерлік құмар қана.
Шоқтығы биік те емес, аласа емес,
Ыддилап жалғасатын қыр арқаға.



Төс төмен, кеуде шалқақ орналасқан.
Тіс - қала. Омырау алшақ, қарны қашқан.
Жайылған алашадай жалпақ жаурын
Кәдімгі жота дерлік жарға ұласқан.

Кекілі - желбіреген ақ шүберек.
Биіктеу арқа құдыс, топшы бөлек.
Алдыңғы тіп-тік аяқ жұп-жұмыр боп,
Қазықтай қағып койған, жатсын ерек.
Желқұйын желіп кетсе жануардың
Бойында бір мін болса, тапшы дер ек.

Дүбірлер тұяғынан аулақта қыр.
Бақайды қылсыз, мықты жаулап тақыр.
Шынтағы қабырғадан сырты айналып,
Делиіп сынық сүйем аулақ жатыр.

Тым биік жер соғары, табан жалпақ,
Томпақ көз - мөлдіреген тоған жалпақ.
Болады-ау дәл осындай арғымақтар
Мал түгіл жан иесі - адамға ортақ.



Түндіктей ойынды ерні желбіреген,
Жақтырса көз-ойығы мөлдіреген.
Шапқанда қыр кеудесін дүрс-дүрс соғып,
Сом тұяқ жерошақтай жер күреген.
Аязда әйнек тұтқан қыраудай боп,
Түгінде ақ көбігі селдіреген.

Дөңгелеп қабырғасы шеңбер иген.
Он бөлек ойынды еттер өңгерілген.
Тар мықын, тұтас жота, тартыңқы жон
Не артпай, не кемімей теңгерілген.
Ашқанда аузын керіп, таңдайынан
Тобықтай қызылкүрең мең көрінген.


Бура сан, бота тірсек, батпан жілік.
Кең өкпе, ұршық төмен жатқан шығып.
Тұнықтан жүзіп ішер талғампаздық
Кетпеп пе ед бар қазаққа аттан сініп.
Көрінер алды қушық арт жағынан,
Қарасаң арты қушық аттап шығып.



Тұрқы ұзын, дене жуан, мойны биік.
Ешқашан көрген емес қойны күйіп.
Күндіз-түн құйғытса да бір шаршамай,
Талайды тамсандырып қойды иіріп.
Кім білген жануардың жүйріктігі
Сәрсенге әкелерін қайғы үйіріп.

Айтайын әңгімемді әріден мен
Болады жастан жәрдем, кәріден дем.
Комвуздан дәріс алған үш жігіттің
Достығы дәнін егіп, жанына ерген.
Боларын жан аямас татулықтың
Үшеуден кәрі-жастың бәрі көрген.
Сыздатса жан азабы, тән жарасы,
Дос көңлі артық еді дәрігерден.

Мініп ап арман атты құс-қанатқа,
Ұқсаушы ед үшеуі де ұшқан атқа.
Аяқтап от жылдарын студенттік
Үшеуі үш бөлінді үш тарапқа.



Ойлары: шығару тек елді ұшпаққа,
Бойдағы сеніп асау күш, талапқа.

Тиеліп өмір-ғұмыр кемесіне,
Ұмтылар биіктердің белесіне
Үшеудің үміт қуған бағы жанып,
Шығарды ырза жұрты төбесіне.
Аттарын газеттерден көрген сайын
Алатын жиі-жиі ел есіне.

Колхоздың болды бірі басқармасы.
Біреуі - республикалық жастар басы.
Ал Сәрсен райкомға хатшы болып,
Мол ырзық, кең дастарқан- басталды асы.
Өмірі ән мен жырдан бастау алған
Бәрі де бір ақынның дастандасы.

Үшеуі үш тілекпен жүрді асығып,
Кетпекке елмен бірге шыңға шығып.
Әттең-ай, бір-ақ күнде біреуінің
Жоғалды бар еңбегі құмға сіңіп.
«Баласы халық жауы» деген мөрмен



Қайрылып қанатынан тұрды асылып,
Алдынан арайланған аппақ таңын
Бір сәтте жұтып қойды түн жасырып.

Қайрылған қанатынан Сәрсен еді.
Тағдырдың тәлкек етіп әр себебі,
Айрылып қызыметтен, дәрежеден
Ескексіз қайықтай боп теңселеді.
Ақжүніс - адал жары дем бергенмен
Бәрібір түсіп кетті еңселері.
Қаншама қызыл көздер тақсын кінә,
Бұлардың пәктігіне ел сенеді.

Өзінің оралған соң Қаройына,
Өткеннің түсе берді бәрі ойына.
Жұлқынып, қарапайым колхозшы боп,
Талпынды таза таңның арайына.
Көзі ашық, көңлі жарық азаматтар
Сәрсеннің үйірілетін маңайына.

Секілді әкесінің алақаны,
Ұлына шуақ төкті дала таңы.
Білінді әр ісінен, әр мінезден



Байланған туған жермен жан ортағы.
Атылды ән-жырымен Ақжүністің
Еліне сағынышы - жанартауы.

Ғайбаттар кеше ғана мақтаулы ерді
Жаулықты достан көрді, жаттан көрді.
Бұйығып қала бермей, дүр сілкініп,
Бәйгеге қосты бір күн Ақтангерді.
Түсіне жиі-жиі кірді әкесі
Бергендей бір жақсылық Хақтан белгі.

Әдетпен кер оқ бойы озып келді.
Бір жиып, бір атылып созып белді.
Қазақтың ат жарысы - жаны емес пе,
Талайдың делебесі қозып берді.
Шаң қауып қылқұйрығы қалған дәуекес
Қопарып жеті атаны қазып берді.
Атты да, адамды да кінәраттап,
Тұқыртты одан сайын жазықты ерді.

Даттаған досы еді - үштің бірі.
Туған соң желі оңынан күштің күні,



«Жаулығын қоймайды,-деп-жаудың ұлы»
Етуге жанталасты міскін мұны.
Басқарма боқтап, даттап жатқан кезде,
Сәрсеннің жете алмады ешкімге үні.

Кеудеде кек ататын жанбай шоқтар,
Туады тұншықтырып қандай шақтар!?
Ит қосып қуалады сабаз ерді
Тұс-тұстан шәуілдегіш жандайшаптар.
Күзеді жал-құйрығын бір-ақ сәтте,
Сүзеді жанды жерден маңдай-шоқпар.

Мақтанмен, далиюмен бар ғып атын,
Сол досы кең пейілді тар қылатын.
Қамалап, құрық салып нөкерлері
Өрістен ұстап кетті арғымағын.
Даланы кезіп жүрген тағылықтың
Қайтемін көп қазбалап арғы жағын.




* * *

Апырай, неткен тәлкек тірлік еді.
Қирады бірінен соң бір тірегі.
Ысылдап кеудесінен шер төгіліп,
Жынданып аузын ашса, мұң күледі.
Осылай өксітумен өткені ме,
Өмірде орындалмай бір тілегі?

Жабығып үзілер ме жүрек қылы,
Қай тылсым ұстап қалар тіреп мұны?
Не болар мынау заман, ойлыны емес
Оздырса құдірет тұтып білектіні?
Иықтан сипағанда Ақжүнісі
Көмейден ықылық ата дір етті үні:

- Ақжүніс, бүрді түнек бізді неге,
Қан кылып шұбыртады ізді неге?
Шабақтап ой-миымды жазасымен
Өмірден күдерімді үздіре ме?
Қорқытып, қор тірлікке қойдай қамап,
Соншама азаптайды бізді неге?



- Жарынды жаныңды ұғар көрсең менен,
Түспесін ешқашанда еңсең төмен.
Алмасты от пен сумен шындайтұғын,
Бас қосқам ер жігітпен Сәрсен деген!
Қинаса, өткірленер мен өзінді
Тең көргем екі жүзді семсерменен.

Жаныңды уайымға мала берме.
Ұстағам етегіңнен балап ерге.
Намысты қолдан беріп, жүнжи бермей,
Кегінді қумаймысың қарап өрге.
Атылып арыстандай Айға ұмтылып,
Тықсаңшы қастандықты қара жерге! -


Дем берді қайрақ сөзі жұбайының
Ұмытты бір-ақ сәтте уайымын.
Жарқ етіп санасына түсті сәуле
Пердесі түрілгенде Күн, Айының.
Жегенін желкесінен шығарады,
Жендетке жеткізе алса Құдай үнін.



Сол сол-ақ Сәрсен ширап, дүр сілкінді.
Үрейлі жүректегі дүрсіл тынды.
Бойында ыстық қаны дуылдады,
Салмаққа жау «досына» бір сүркінді.
Ақыртып кек қуғызған қайран намыс
Ғажайып құдірет қой тылсым тілді!

Жөнелді кеңсе жаққа қадам басып,
Кеудеден нартәуекел амалды ашып.
Базбіреу жалт бергенде тұра қашып,
Көпшілік оң түс берді амандасып.
Жақсының тұяғынан жау іздемес -
Қазақпыз, бет шайыспас жамандасып.
Сәрсеннің көзден ұшқан ұшқынымен,
Тіріліп сала берді тәмам жасық.

Шіреніп «досы» отырған атқа мініп,
Ішінен мейманасы ақтарылып,
Сәрсенді көрген бойда шәуілдеді
Күшігі кеудесінің жатқан ұлып.
Ақ ит пен қап-қара иті лас көмейден
Арсылдап, тісі ақсып жатты ағылып.



Жүрегі бір сұмдықты сезген еді,
Құбылғыш заман қалай өзгереді.
Тосса да дос пейілін дәмеленіп,
Өзгерген азғын жанды көз көреді.
Кісәпір пенде сондай қанішер ғой
Болсын деп құтырынса өз дегені.

Сәрсенді дойырымен тартты кетті.
Күйдіртіп сол қылықпен артты кекті.
Сәрсенді бір долы күш оқша атқызып,
Жағаға қос шеңгелі сарт-сұрт етті.
Жұлып ап Ақтангерден лақтырғанда,
Дүрс еткен қара жерден шаң бұрқ етті.

Қамшыны қолындағы жұлып алды.
Бастықты бас көтертпей жығып алды.
Местей боп майға бөккен май құйрықтан
Шықпыртып бір-екі рет ұрып алды.
Бүріскен бос кеуденің төбесінде,
Әділет тәңіріндей тұрып алды.



Нөкерлер шулап жетті анталаған
Қан аңсап қанды көздер қанталаған.
Сойылын соққызатын содырларға
Бар кезде бұйрық берген қалталы адам.
Бастыққа қол көтерген «бүлікшіге»
Бар зілін қамшысымен сарқар адам.

Ортаға алып қалып, додалады.
Боп кетті кеңсе маңы - доп алаңы.
Сәрсеннің аяқ-қолы сарт еткенде,
Бір-екеу ішін басып домалады.
Нар жігіт бір жығылып, бір сүрінді.
Қайтсін-ай, көпке қарсы жоқ амалы...

Осынау ғаламатты түй есіңе,
Басыңды ій жануардың киесіне!
Арқырап, тістеп, теуіп, орғып, оршып,
Ақтангер ал болыссын иесіне!
Осындай хикметтер кездеседі,
Оқушым, нан сөзімнің жүйесіне.



Арғымақ - ар мен кектің екпіні еді.
Тістеді содырларды, тепкіледі.
Иесін корғап қалған жануардың
Тылсымын Жасаған Хақ, көк біледі.
Тоз-тоз боп безе қашып баскесерлер,
Сырттағы қабыл болды көп тілегі.

Аспанға қап-қара бұлт тұнып кепті,
Найзағай жарқ-жұрқ етті тіліп көкті.
Табиғат астан-кестен буырқанып,
Кеудеден көп ашуды жұлып кетті.
Артынша шелектете нөсер құйып,
Ыласты алас-күлес жуып кетті.
Исіне оқыранған Ақтангерге
Иесі қарғып мініп жүріп кетті.

Басқарма жау шаптылап аттандатты.
Таптым деп көз бояған ақтандақты.
Аудандық НКВД бастығының
Алдында ойбайлаған ақпар жатты.




Қаралап Сәрсен - «қасты» бұрынғы дос
Күйені қабат-қабат қаптап жапты.

Марқайып мұрт астынан күлді бастық.
Ойымен халық жауын бүрді бастық.
«Жоспарды артығымен орындайтын
Болдым ғой» деген қиял тұрды мас қып.
Қылшығы қисаймайтын зәлім еді
Қазағын қырса түгел жым-жылас қып.

Тып-тыныш шуылдат деп жатқан қырды.
Қып-қызыл қос жендетін аттандырды.
Көбейтіп «халық жауын» қамай берсе,
Өсетін дәрежесін мақтан қылды.
Осындай озбырлар ғой бауыздай сап,
Аяусыз айыратын жақтан тілді.

Бастайын басқа тұстан әңгімені,
Баяғы үшінші дос - даңғыл еді.
Жақсы еді, алғыр еді, ақылды еді,
Жақсының жанарында таң күледі.



Жақында облыстың басшысы боп,
«Халқым!» деп соғушы еді жан жүрегі.

Жасынан жақтырмайтын көп ұрысты,
Кені еді ақыл-ойдың мол ырысты.
Айыртып ақ-қарасын құтқаратын
Алдына келгендерді болып істі.
Сол жігіт қызметіне енген бойда,
Аралап шыққан екен облысты.

Оралып орайынан бақ келеге,
Кездейсоқ кейде оңынан тап келе ме?
Қиынды қиуадан қиыстырып,
Тәңір хақ әділетін ап келе ме?
Қаройдың желкесінде оқшау тұрған
Сол бастық шыға кепті ақ төбеге.

Басқарма досы емес пе, күтіп алған.
Қызулау. Әрине аздап жұтып алған.
Бұрынғы сергектіктің бірі де жоқ
Бұлтиып талтаңдағыш бұты қалған.



Әркімге әкірендеп сес көрсетіп,
Қашырып зәрелерін, құтын алған.

Хатшыға мінез-құлқы ұнамады.
Қайран боп құрып отыр құр амалы.
Достықтың жарты дәнді бөліп жеген
Жақсы ғой қартайғанша дін аманы.
Кешегі тату күндер еске түсіп,
Сәрсеннің қайда екенін сұрағаны.

Үсен дос екіленіп кетті дейсің,
Сәрсенге пәле-жала төкті дейсің.
Киелі, қасиетті дос пейілді
Боқ басқан нас табанмен тепті дейсің.
(Осындай қараниет кісәпірдің
Барынан жоғы жақсы-ау деп тілейсің).

Ақтарды әдетімен әндемдінің,
Басына Сәрсеннің түн төнгендігін.
Ұстауға «халық жауын» екі адамның
Әлгінде ғана жетіп келгендігін.
Шыңғыртып шыбын жанын торға қамап,
Қайғы мен мұң қыларын көрген күнін.



Хатшының дөңгеленіп көзі кетті.
Жарасын жүрегiнiң сөз үдеттi.
Дос емес. Мынау нағыз жауыздықтың
Қаны аққан екi езуден өзi дептi.
Сәрсеннiң тағдырына араласар
Уақыттың дөп басатын кезi кептi.

Сәрсенге сәскеде екi жеңдет келген.
Жұтатын ыстық қанға шөлдеп келген.
Кiсенге созды қолын қайран жiгiт
Не өнер кеудеде кек тербеткеннен.
Тiк тұрып, тiзе бүкпей өлген артық
Жан сауға сұрағанша керi кеткеннен.

Бүйiрден соққан соққы өкпенi езген.
Тұмсықтан қан сауғалап, тепкен көзден.
Қарысып, қасарысып жақ жазбады,
Жауызға ұғыныспай кеткен сөзден
Жан сырын Ақжүнісі жайып салды,
Әлгi екеу Үсендi iздеп кеткен кезде.



- Ауылға облыстан досың келген.
Шұбырған серігі көп қасына ерген.
Мен соған жағдайынды айтсам... бәлки
Шығар ма домалаған тасың өрден.
Кім білсін, бір жақсылық болып қалар,
Түсті ғой заманақыр басыңа әлден.

- Босатпас мені ілген соң жазалы атқа.
Туды ғой заман өртер тазаны отқа.
Көрмесін, білмей кетсін мені досым,
Кесірім тиіп жүрер азаматқа.
Мен үшін басына онын бұлт үйірер,
Салмайын ертеңгі күн оны азапқа. -

Ақжүніс Сәрсен уәжін қабылдады.
Бір жерден екеуінің табылды ары.
Ерінің жол азығын дайындады
Тазалық болғаннан соң табынғаны.
Күрсінткен өзекті өртеп ішкі өксігі
Қайратты қажырымен дамылдады.



Ұғысты сөйлеспей-ақ қас-қабақпен
Екеуін тектілігі астам еткен.
Жанымен табыстырды, қабыстырды
Шеңгелі қиянаттың бастан өткен.
Сол кезде абыр-дабыр шу естілді,
Есіктің алдындағы қасқа беттен.

Жан досы опыр-топыр кіріп келді,
Көңілден аршып, қуып күдіктерді.
Бассалып құшағына кысып алып,
Пердесін дос көңілдің түріп берді.
Адалдық адамдықпен арқаланып,
Әділет алға шығып, іріктелді.

Қолынан қасірет сесі - кісенді алды.
Орнынан басқарманы - Үсенді алды.
Бақ дарып, іп-ілезде Қыдыр қонып,
Жігіттің кері кеткен ісі оңалды.
(Шіркін-ай, дәл осылай ұстай берсе,
Аһ ұрып аңсаттырған кісі арманды!)



Қуантып көзді мөлдір басқанда шық,
Әні ұшты Ақжүністің аспанға тік.
Сүйсінткен шын достықтың құдіреті
Ұзарды жер қойнынан аспанға өтіп.
Сол досы әділетті және орнатты,
Сәрсенді тағайындап басқарма етіп!

* * *

Көңілдің көп ой қамап қамбасына,
Күтесің қара түнде таңды асыға.
Түрткілеп ақын жанын небір күдік
Қоймайды күймесіңе, жанбасыңа.
Азырақ пәлсафа айтып кеттім білем,
... Ұсыңды Сәрсен атын жан досына.

Ұстатты Ақтангердің тізгінінен,
Көмкерген шоқ кекілін түз гүлімен.
Адамды ардақты етіп шын қадірлер
Бақыттың бір сәті артық жүз күнінен.
Досына жанды ұйтқан ырзалықпен
Өтінді қабыл ал деп ізгі үнімен.



Мініп ап хатшы ауылды бір айналды.
Бұлтты күн де ашылып, шырайланды.
Жерде емес ат үстінде өскен қазақ
Баршаға кәдімгідей ұнай қалды.
Басшысы партияның болса дағы
Азамат ұмытпапты Құдайды әлі:

- Тәңірге тура барып жетсін үнім,
Көктетпей солдырмасын тек шыбығын.
Сәрсенім, тегің сенің асылдан ғой,
Бітедің көңілімнің көп сынығын.
Сендерден ат алмаймын, ән аламын
Ақжүніс, көмейіңді төкші бүгін!

Тындайық әрі әншіні Һәм ақынды,
Өзіңе қайтарамын ал, атыңды.
Ақтангер - қанатың ғой қалықтатар,
Қалайша қырқам, досым, қанатынды!»
Осындай нарлығымен қазақ биік.
Осындай мәрттігімен дала құнды.




* * *

Жыл жылжып, күндер озып өте берді.
Отау ғып қосақтады жекелерді.
Сәбидің шат күлкісін сыңғырлатып,
Көбейтті айдай торсық шекелерді.
Ақжүніс талбесікті тербетпеді,
Майысып меңгерсе де жеті өнерді.

Тұрғанда табанда жер, аспан биік
Кеудеден күдік өшіп, қашқан күйік.
Бірінің көңіліне бірі қарар
Алғандай мәрт мінезді тастан құйып.

Көңілдің туа бермес күнде өлеңі.
Ұлдыны құрметтеді. Күндемеді.
Үмітті үзбеді олар. Түбінде бір
Іңгәлап шаңыраққа ұл келеді.
Сол кезде маңайдан Ай аймалайды,
Жылуға толтырады Күн денені.



Бақ қарап, Қыдыр төрде малдас құрды.
Қайғыны қуанышпен алмастырды.
Айтысып Медет, Қағаз, Болысбаймен
Ақжүніс ұлы өнерін жалғастырды.
Ал Сәрсен Алғұйындай тазыны ұстап,
Соғыстан бір жыл бұрын қар бастырды.

Жүйрік ат, алғыр тазы, ақын жары.
Өнерге өзінің де жақын жаны.
Әттең-ай, бұрқ етті де соғыс өрті,
Алдымен атын алды тақымдағы.
Колхоздың сан жігіті солдат болып,
Азайды бірте-бірте жақындары.

* * *

Батыстан өрт алауы будақтады.
Көбейді қу соғыстың шулатқаны.
Айтылмай өлең-жыры Ақжүністің
Тығылды көмейіне шумақтары.
«Ер жігіт бақ сынайды қан майданда»
Деп Сәрсен аласұрды тулап қаны.



Еркіндік ерлікпенен егіз бе еді,
Аһ ұрған асау жүрек нені іздеді?
Әлде ұлы асықты ма: «Оспанқожа -
Отанның адал ұлы!» дегізгелі.
Сыздаған әлі күнге жүрегіне
Соғыстан мүмкін әлде ем іздеді.

Бір тілек көкіректе от боп жанып,
Күйдірді күні-түні шоқ боп қарып.
Ыза ма, намыс па әлде қазақылық
Жүрекке кек қыжылын төкті ақтарып.
Броні болса дағы соғысқа алмас, —
Майданға өз еркімен кетті аттанып.

Шығарып салған өңкей өрімталды,
Ауылда шал-кемпір боп кәрі қалды.
Көз жасын көрсетпестен сығып алып,
Артында қол бұлғаған жары қалды.
«Жалғызым аман туса, саяласын!»
Деп тілеп өзі еккен талы қалды.
Туған жер - кіндігінің қаны тамған
Қаройы, Бақанасы - бәрі қалды.



«Ерлік!» дер доңғалақтар соққан әні.
Эшалон тарта берді, тоқтамады.
Тың күшті - келген қазақ даласынан
Қарсы алды қызыл өрт пен оқ бораны.
«Фашисты күйретеміз!» деген сертті
Сәрсеннің жүрегінде сақтады әні.

Қан саулап талай боздақ ақ тамақтан,
Қасы да, досы да өлген атқан оқтан.
Саяси жетекші боп дем бергенде,
Сөз шіркін асып түсер автоматтан.
Жанына жауынгердің жігер құйып,
Кеудеден оқтан да ұшқыр кек боратқан.

Ұжымы берік болса ротаңның,
Қыста да шуақ шашып, нұр атар Күн.
Әр тұстан, әр нәсілден болса дағы
Ұлы боп соғысты олар бір Отанның.
Жеңіспен бала, жары қарсы алатын
Алдынан ақ жарылқап бір атар күн.





* * *

Кешегі қызықты ұрлап, түн қамаған.
Суытып көкірегін мұң талаған.
Шошынты талай рет Акжүністі,
Көп үйден жоқтау қалмай тындамаған.
Сәуірдің ортасында ұлы туды
Сәрсеннің уыз үнмен іңгәлаған.

Оспанның армандаған келді ұрпағы.
Әулеттің арайлады мөлдір таңы.
Құлаған қарағайдың орнын басып,
Қылтиып шыға келді өндірі талы.
Осындай қаулап өсер жас өскіндер
Құлпыртып өзгертпей ме әр қырқаны.

Басталар кішкенеден ең ірі зат,
Болсын деп қожа әулеттің өмірі ұзақ,
Ырымдап Өмірзақ деп атын қойды,
Жөнелді сол сәбимен өмір ұзап.
Бала, Ана, Дала - үшеуі егіз ұғым
Болса да сұсты Әлемнің небірі жат.



Ұл туған күні ешкісі лақтаған,
Екі өмір дүние есігін бір аттаған.
Іңгәсі нәрестенің жанды ерітсе,
Лақтың маңырауы - құлаққа да ән.
Ойнақтап, құлдырандап қасына кеп,
Баланы сол лағы жылатпаған.

Ананың екеуі де еркесі еді.
Мал төлі адамзаттан ерте өседі.
Тұсауын Өмірзақтың кескен кезде
Сол ұлдың бәсіресі - серкесі еді.
Ұлы да, серкесі де Ақжүністің
Көңілін тұшындырған еркесі еді.


От еді Ақаң ана, жалын еді,
Кіретін қалжың десе жан іреңі.
Қолы ашық, дастарқаны бір жиылмай,
Ән, жырмен дуылдаған төңірегі.
Жаңылмай, бір көргеннен жанын ұғып,
Кімнің кім екендігін таныр еді.



Тағдырдың илесе де доңғалағы.
Тартатын айтыс десе оң қабағы.
Шаужайлап Бұқпантайды, жырмен төпеп,
Шарықтап әр қияға толғанады.
Бірінен бірін жығып, әруақтанды,
Тұрса да айтыскердің он қамалы.

Тәтелеп ауылының ұл-қыздары,
Тәп-тәуір жұрт ішінде күндіз халі.
Жүрегін ал, шымшитын қара түнде
Күдікшіл қара аспанның жұлдыздары.
Бір хабар сездіргендей бірде оқыс,
Шілдеде әлдененің бүрді ызғары.

Сол ызғар - бір кәдіктен сезік белгі.
Жүрегі тыпырлады, сезіктенді.
Қиялмен шарласа да жарын таппай,
Бос қалған боз даланы кезіп келді,
Аһ ұрған көкіректен жалын атып,
Ерінге запыран жасын езіп берді.



Құдірет сол сәтінде-ақ сездірді ғой,
Бауырын балталамай ездірді ғой.
Сәрсеннің жер бетінен ізін бүркеп,
Тәнінен жанын ұрлап, бездірді ғой.
Тілгілеп жүрегінен қабір қазып,
Қазаның ең ауырын кез қылды ғой.


Беліне түсті белбеу шешілмеген.
Көмейден шықпай жатып кесілді өлең.
Отыз бір шешек атар қыршын жаста,
Жабысты қара жаулық - жесір деген.
Білмейді тақсіретін сондай күйдің
Басынан өксік жұтып кешірмеген.

Күрсініп ашынғаннан өнеді не,
Қай өмір келіп еді кемеліне.
Өлінің артын күтіп, пәк отырсаң,
Тірінің шаң жұқпайды беделіне.
Ақжүніс оңашада жылап алып,
Мейірін төге берді бөбегіне.

Күз келді. Сұр аспанды бұлт бүркеді.
Құс кетті жылы жаққа үркіп тегі.
Егінді ысырапсыз жинау үшін
Қалқайтып тігіп алды жұрт күркені.
Суытар суық жүзді одан сайын
Жаңбырын жиі-жиі бүркіп көгі.

Суылдап құрай әнін ызылдады.
Қосылып әйелдердің сызылды әні.
Майданға астықты артып жібере алса,
Оқ болып атылады қызыл дәні.
Ақжүніс орағын бір тастамады,
Ойылған алақаны тызылдады.

Өмірзақ қаз-қаз басқан, құламайтын.
Бала боп құласа да жыламайтын.
Қасында серкесі бар, бөртесі бар,
Серке бар да ештеңе сұрамайтын.
Орылған бидай бауын Ахаң байғұс
Белінен сабанменен бір орайтын.



Айғайлап ақсақ біргәд² дікілдейтін,
Дікілдейтін, боқтықты бүтіндейтін.
Шіркінің әйелдерге қандай мықты
Аузымен жан қалмаушы ед түтілмейтін.
«Жалқауды, сөмелентті³ жөнелтетін
Қолымда тротпронтка⁴ үкім» дейтін.

Болғандай әйел қауым күшті, күйлі
Астықты қызыл қырман үстіне үйді.
Бір күні Өмірзақты елеңдетіп,
Жоғалды ақ серкесі үшті-күйлі.
Баланың «Бөйтем!» деген зарын естіп,
Ананың өңі қашып, түсті иіні.

Өтсе де ызғарымен күз денеден,
Қалмады бұрыш, қуыс іздемеген.
Сыңсыды қурайындай суық белдің,
Тырнаға үнін косты тізбеленген.
Ұрласа жалғызының бәсіресін,
Сол сұмдық асып түсер жүз пәледен.

² Бригадир дегені.

³ Симулянт дегені.


⁴ Трудфронт дегені.



Бу шығып Ақжүністің күртесінен,
Кезгені шықпайды әлі жұрт есінен.
Баласын арқадағы алдына алып,
Нәр берген сүт саулаған нұр төсінен.
Жүгіріп келе жатып сезген иісті,
Біргәдтін шығып жатқан күркесінен.

Күркеге Ахаң бірден енді барып,
Жалп етіп балауыз шам, сөнді жарық.
Бәрібір табақтағы серке басын
Жарқ еткен жанарымен қалды танып.
Ахаңның айғайымен шұбап келіп,
Жауыздың жауыздығын көрді халық.

Ақжүніс енді әлгіні қырына алды.
Шалқайтып екі жеңді түріп алды.
Қырандай қоянды ілген сорғалап кеп,
Кәпірдің жағасынан бүріп алды.
Күшіктей күркесінен суырып ап,
Төбеден тарс еткізіп ұрып алды.
Көгеріп ақсақ шіркін талып түсті,
Әйтеуір жан мұрында, тірі қалды.



Қайырсам әңгімені келтесінен,
Не керек, бала айырылды серкесінен.
Осындай оқиғалар бола берер
Һарамдық жойылғанша жер бетінен.
Ал Ана өз тірлігін жасай берді,
Қуат ап бауырындағы еркесінен.

Ысқырып, ышқынып кеп, екіленіп,
Қаратпай соқты боран бетіне тік.
Қойқаптан дию қуған құбыжықтай
Зулайды кездескенді екі бөліп.

Күшеніп азынайды, гүрілдейді.
Шапшиды, тоқтамайды, сүрінбейді.
Ышқынып соққан кезде аласа там
Солқ етіп қорыққандай дірілдейді.
Сырттағы азан-қазан ызың-қиқу
Тесіктен ішке ұмтылып уілдейді.



Шошынған бала Өмірзақ дір-дір етіп,
Баурына анасының кірді кетіп.
Жып-жылы кеудесіне бетін тосты,
Жібектей ақ кекілін үлбіретіп.
Бір дауыс бораннан да өктем шыққан
Естілді терезеден гүр-гүр етіп:

- Ақжүніс, көп бәлденбей есігінді аш!
Болып тұр бүгін саған көңілім мас.
Суыған тас төсекті жылытайын
Болсам да өзім мосқал, кеуілім жас.

«Апырай, не боп кеткен мына заман.
Азаға қосам дей ме күнә заман?
Айғыр ғып кісінетіп ақымақты,
Біржола бұзылған-ау сірә, заман.
Тазама лас қолымен ұмтылып кеп,
Қорлығы асып кетті-ау мың азадан».



- Әй, төбет! Жем аңдыған қырманымнан,
Аулақ жүр қасиетті құндағымнан!
Сасық ит, текесініп бақылдамай,
Сәрсеннің садаға кет тырнағынан!
Кетсе егер жұдырығым жағында ойнап,
Жатқанын көбейеді тұрғаныңнан. -

Ойқтастап боран сыртта азынады.
Үйердей қар мен мұздан қазынаны.
Жым болды әлгі дауыс түн қойнында,
Айта алмай екінші рет «базынаны».
Бәрібір адал жардың жүрегіне
Осы түн қанды әріппен жазылады.

Осылай астамшылық жетті ұрланып,
Кісінеп, оқыранып, өтті ырғалып.
... Өзегін өртеп шыққан ыстық жасы
Ұлының шекесіне кетті тамып.



* * *

Қыс қысып, күреп жапты сай табанды.
Бораны азынаған айтады әнді.
Әртүрлі дауыспенен, дыбыспенен
Жиірек әйнек қағу кайталанды.
Акжүніс құрбыларын жиып алып,
Түс-түстеп ашып берді сойқандарды.

- Қаншайым, Әсет, Жібек, Әйкенім-ай,
Сендерге мұңым шақпай қайтейін-ай!
Садаға кетсін олар Сәрсенімнен
Жанасар сол шіріктер қай шеніме-ай!

Өшсе де, Күнім батып, Ай көгімнен,
Атылар жасын түсіп, жай кегімнен.
Кешегі Сәрсенімнің құтханасы
Қақпасын қасиетті әйнегімнен.
Коймаса, қара пышақ қанға бояп,
Ыстық су ақтарылар шәйнегімнен! -

Қыс өтті. Үскіріп қар борамады.
Ахаңның дұрыс шықты жорамалы.



Суық қол, арам тілек, алдамшы үміт
Әйнекке бұдан былай жоламады.
Биіктен көрінетін тазалықпен
Шендесер арамдықтың жоқ амалы.

Тәңір хақ оң қараса пендесіне,
Өзінің айналдырар теңдесіне.
Көбірек түсіреді шапағатын
Көңілдің ақыл-иман көмбесіне.
Жеткізіп Жеңіс күнін үкі тағып,
Келтірді қалт-құлт еткен елді есіне.

Бұл жеңіс тұлабойдың қозғап қанын,
Сеземіз күлдіргенін, боздатқанын.
Біреуге шаттығы мол бақыт сыйлап,
Біреудің қайғы-шерін қоздатқанын.
Біреулер сүйгенімен қауышқанда,
Біреулер жоқтап жатты боздақтарын.

Акжүніс - ар, имандай кейіпкерім,
Сақтады жүрегінде сүйікті ерін.




Мәпелеп Өмірзағын, жалғастырды
Мүсәпір, Оспанқожа, Сейіттерін.
Әніне дұғасындай қосып алды
Мекке мен Мәдиненің бәйіттерін.

Көрсетпей жасығанын, түңілгенін,
«Ұлым!» деп көкіректе тірілген үн.
Тік ұстап арын, нәрін. Танытпаған.
Белі мен көңілінің бүгілгенін.
Ойлайтын Өмірзақтың болашағын,
Тойлайтын озып келіп жүгіргенін.

Даланы сағымға орап көк құшыпты.
Ұмтылып, алға оздырып көп пысықты.
Құлпыртып кей кеудеге орден тағып,
Той жасап талай шопан көкке ұшыпты.
Сол тойда айтыс болып біздің Ахаң
Жеңіпті Байоразды, Аккүшікті.

Салғанда әуелетіп «Қалқамжанды»,
Ән емес, көмейінен бал тамған-ды.
«Шіркін-ай, даусы қандай ғаламат!» деп
Бас шұлғып, таңдай қағып, ел таңғалды.



Бес жасар Өмірзағы көзге түсіп,
Жарыста озып келіп жүлде алған-ды.
Кейбіреу қызғаныштың күйігінен
Бүлініп өз-өзінен талқандалды.

Апырай, сұқ өтті ме, тіл тиді ме,
Өмірзақ кешке көзі кіртиді де,
Ауырды мұрттай ұшып аяқ асты
Шешенің кеудесіне бұлт үйді де.
Бала мен ана бірдей азап шекті,
Өртеніп жүректегі қыл күйді де.

Ысытып, буындырып бұзылса дем,
Баланың ауырғаны қызылшамен
Денені қызыл түйір қаптап басып,
Дүние боп кетеді қызылша әлем.
Осы ауру сәбилерге бықпырт тиіп,
Қабірге толып кетті ұзынша дөң.

Ақжүніс іштей қаусап аһ ұрады,
Әруағын қожалардың шақырады.
Ұлына шалажансар су тамызып,
Көзімен көрер танды атырады.
Зарына аналардың толып кетті
Сол кезде Бақанастың атырабы.



Талайдың аузындағы әнін алды.
Талайдың қара жерді қаны малды.
Жалғызын жалғыздардың құдай сақтап,
Аман-сау Өмірзақтың жаны қалды.
Не пайда, екі көзін соқыр етіп,
Жанарсыз жер сипаған тәні қалды.

Ішінен пана таппай кең даланың,
Қалғандай шөлейтінде Кербаланың,
Ұлының жанарынан нұр сөнгенде,
Төгілді күйік зары шерлі ананың:

- Азаппен, мұңмен сынаған,
Осындай ма еді сыбағам?
Соңымнан неге қалмайды
Сұм тағдырым - сұм адам?
Аспаннан, Жерден сұраған
Өлмейді-ау шерден сірә, адам.
Кеудемді күйік күйдіретер,
Көз жасым болса - сыбағам.

Қайғымен бүріп нұр жүзді,
Ит-құсын қосып, үргізді.
Жүректе өскен гүлімді
Көктетпей жатып жұлғызды.



Оралмай кетті ораздым,
Тәңір-ау, саған не жаздым.
Тәлкек боп түссін деймісің
Көзіне талай кораздың?

Тәңірім, сен бе сынаған?
Сынаған талай сұм адам.
Алдымнан ес пен сесті алды
Адасып кеткен сыбағам.

Кеудесі - бұлақ, алды - ізгі,
Қайынатam - қайран жалғызды
Бір түнде түнге мәңгі орап,
Күйікке жанды малғызды.

Жалғыздан туған жалғызым!
Құмардай иісті, жалбызым!
Жалындап жанып, өштің бе,
Бүркеніп жерді бал жүзің?

Атамның Сәрсен - тұяғы.
Арманы, үміт, қиялы,
Үзілген жібім жалғанбай,
Кеудеме шерді құяды.



Жанымды дерті тапты удың,
Лебінен күйдім жат будың.
Сазымды қосқан сыңардан
Адасып қалған аққумын.

Адасып қалған сыңармын.
Терексіз өскен шынармын.
Дауылдан пана таба алмай,
Иіліп барып сынармын...
Аққумын, жеке сыңармын.
Сынбаспын, төзіп шыдармын.
Зарымды қосып әніме
Бір жерден бір күн шығармын...

Күдікті үміт қумаса,
Ішкендей болам уды аса.
Төбемнен түнек төнер ед,
Жалғыздан жалғыз тумаса!

Жалғыздан көрген жарығым —
Мерейім, әнім, әрі үнім!
Жасаған ием, Жаппар хақ,
Ұрладың неге жарығын?



Жан жаратқан Тәңірім,
Анамын шерлі, жаны - мұң.
Қайтарып берші қайтадан
Жалғызымның жарығын!

Құдіреті күшті Құдайым!
Жылайын, сенен сұрайын.
Жанарын қайта жандыршы,
Көріп бір өссін Күн, Айын!

Үмітін үзбес, сірә, адам,
Азап пен сорға шыдағам.
Тапсыншы мені, Тәңірім,
Адасып жүрген сыбағам..

Тағдырға қарсы тұрып қарыспасаң,
Кұлайсың, арпалысып алыспасаң,
Ақжүніс Алматыға әкетті ұлын
Бекетін бетіне алып орыс Хасан.
Тірнектеп тиын-тебен тапқан болды,
Далбастап кіріп жүріп танысқа сан.

Шығады жалынғанда өзгерген үн,
Тоқтатып қалалықтың кез келгенін
Әркімге бір жапақтап, бір жалтақтап,




Тапты әрең іздеп жүріп көз дәрігерін.
Бала үшін жанын ана құрбан етер,
Қадірін біле білсін ездер ненің.

Ашсын деп кең дүниеге бала көзді,
Ұйқы мен күлкісінен Ана безді.
Керек боп анау дәрі, мынау дәрмек,
Жүгіріп күні-түні қала кезді.
Жалынар Тәңіріне, тағдырына,
Құрғатар бір сығып ап қара көзді.

Жетті ме Ана даусы құлағына,
Ықыласы әлде ұлға құлады ма,
Баланың жарқ еткізіп көзін ашты,
Тәңір хақ аз ғана күн сынады да.
Жүрегі қуаныштан қақ айрылып,
Ақжүніс ағыл-тегіл жылады да.

Өмірдің ілестірер арынына,
Жалғанның не жетуші ед жарығына.
Жанарын қайта оралтты жаппар ие
Сәрсеннің сары алтындай сары ұлына.
Сенімнен дүниеде артық зат жоқ
Сенбесең бір Аллаға - бәрі күнә.



Қайтадан қалтылдатпай жер бастырып,
Көзді ашып, арман өсіп, жалғасты үміт.
Ыстық пен суыққа сап Ахаң ана
Өсірді Өмірзағын алмас қылып.
Бір тілек - зар тілегі қожа әулетін
Кетсе деп ғасырларға жалғастырып.

Күн шықты бұлт ішінен бұлдыраңдап,
Шалқыған көңілді кім бұлдіре алмақ,
Тасыған Ақжүністің көмейінен
Ән кетті көк пен жерді күлдіре аунап.
Бакыттың бағытына бетін түзеп,
Барады сары бала құлдыраңдап.

Р.С. Қаламмен оятып ап ақ таңымды,
Көмейден жыр бұлағым ақтарылды.
Қыр-сырын бір әулеттің баян еттім,
Болсын деп досқа мақтан, жатқа үлгі.
Дастанға нүкте қойып, құттықтадым,
Алпыс бес жасқа келіп жатқан ұлды.

27 наурыз - 12 сәуір 2007 жыл,
Алматы қаласы.



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз орнына.....	3
Әулет сыры (Дастан).....	7

**Софы
СМАТАЕВ**

**ӘУЛЕТ СЫРЫ
(Дастан)**

**Редакторы М. Жұмағалиев.
Суретшісі Н. Сергожаұлы.**

Теруге 20.04.2007 жіберілді. Басуға 25.04.2007 қол қойылды.

Пішімі 84x 108¹/₃₂ Қаріп түрі “Таймс”. Көлемі 6 баспа табақ.

Тапсырыс №319. Таралымы 5000 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
“Атамұра” корпорациясының “Полиграфкомбинат”
ЖШС-де басылды. 050002, Алматы қ., Мақатаев қ., 41.